

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (қосымша парақ)

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Тауарлар мен көрсетілетін
қызметтердің сапасы мен
қауіпсіздігін бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2020 ж. «13» наурыз
№ N027432; № N027418 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Саудалық атауы

ГЛИЦ®

Халықаралық патенттелмеген атауы

Глицерол

Дәрілік түрі, дозасы

Ректальді суппозиторийлер, 1405 мг және 2100 мг

Фармакотерапиялық тобы

Ас қорыту жолы және зат алмасу. Іш қатуды емдеуге арналған препараттар. Басқа да іш жүргізетіндер. Глицерол

АТХ коды А06АХ01

Қолданылуы

- іш қатуды симптоматикалық емдеуде

- хирургиялық араласымнан кейін немесе ректоскопия алдында дефекация үдерісін жеңілдетуде.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- глицеринге немесе препараттың кез келген қосымша компонентіне жоғары сезімталдық

- ішектің бітелуі немесе обтурациясы

- тітіркенген ішек синдромы, геморроидальді түйіндер тромбозы, анустық сызаттар, геморрагиялық ректоколит

- 18 жасқа дейінгі балаларға 2100 мг ректальді суппозиторийлерді қолдануға болмайды

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары

Ұзақ уақыт қабылдау ұсынылмайды, өйткені диарея шақыруы мүмкін. Ересектер үшін глицериндік суппозиторийлер пайдалану кешенді гигиеналық-диеталық емнің тек қосымша дәрісі болып табылады. Дәретті қалпына келтіру үшін өз рационын клетчаткасымен және сұйықтықтармен толықтыру, дене белсенділігін қамтамасыз ету қажет.

2 жасқа толмаған балаларға 1405 мг суппозиторийді тағайындау қажет жағдайларда ғана жүргізілуі тиіс, өйткені ол дефекация рефлексінің қалыпты қызмет етуін бұзуы мүмкін. Суппозиторийлерді қолдану алдында және одан кейін қолды мұқият жуу керек.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Зерттелмеген

Арнайы ескертулер

Суппозиторийлерді қолдану диабеті бар балалардағы глюкоза деңгейін бақылауға кедергі келтіруі мүмкін. Егер белгілер сақталса, дәрігермен кеңесіңіз.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Мүмкіндігінше жүктілік және лактация кезінде барлық дәрілік препараттарды қолданудан аулақ болу керек. Тек дәрігердің тағайындауы бойынша қолдану керек.

Препараттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

ГЛИЦ® көлік құралдарын және қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне ықпалын тигізбейді.

Қолдану жөніндегі ұсынымдар

Дозалау режимі

Әдеттегі доза қажетіне қарай 1 суппозиторийді құрайды.

Тік ішекті эндоскопиялық зерттеуге дайындағанда:

- зерттеу жүргізуден 5-30 минут бұрын бір суппозиторий.

Балаларға 2 жастан бастап 18 жасқа дейін 1405 мг ректальді суппозиторий ГЛИЦ® тағайындалады.

Ересектерге 2100 мг ректальді суппозиторий ГЛИЦ® тағайындалады.

Жеңіл енгізу үшін суппозиторийді салқын сумен сулаңыз.

Енгізу әдісі және жолы

Ректальді қолданады.

Емдеудің ұзақтығы

Іш қатуды емдеу 10 күннен аспауы тиіс.

Артық дозаланған жағдайда қолданылуы қажет шаралар

ГЛИЦ®ті қолданғанда артық дозалану жөнінде мәліметтер жоқ.

Суппозиторийлердің көп мөлшерін кездейсоқ қолдану бас ауыруы, жүрек айну, құсу, диарея, шөлдеу, бас айналуы, сананың шатасуы және жүрек ырғағының бұзылуын туындатуы мүмкін.

Ішке қолданған кезде емдеу симптоматикалық.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкерге кеңес алу үшін жүгіну бойынша ұсынымдар

Дәрілік препаратты қалай қолдану керектігін түсіну үшін медицина қызметкеріне жүгініңіз.

Дәрілік препараттарды стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Өте сирек

- анус маңындағы жағымсыз сезімдер

- тік ішектің іркілу үдерістеріндегі қабыну

- іштің спастикалық ауыруы

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған жағдайда медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе тікелей, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық дерекқорға тікелей жүгіну керек:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті «Дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сараптау Ұлттық Орталығы» РМҚ ШЖҚ

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір суппозиторийдің құрамында

белсенді зат - 1405 мг немесе 2100 мг глицерин,

қосымша заттар: натрий стеараты, тазартылған су.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Торпедо пішінді, беті майлы, тегіс, кескен жерінде сыртқы түрі біркелкі, өзіне тән әлсіз иісі бар, түссіз немесе жартылай мөлдір суппозиторийлер.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Полиэтиленді жабыны бар алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықсыз қаптамаға 6 суппозиторийден салынады.

2 пішінді ұяшықсыз қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

25°C-ден аспайтын температурада, түпнұсқа қаптамада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Antibiotice S.A., Romania

707410, Яссы қ., Вали Лупулуй к-сі 1, Румыния, ЕС.

Тел.: +40 232 209 000; факс: +40 372 065 000, e-mail: alin.irina@antibiotice.ro

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Сэлтфар ЛТД, Ұлыбритания

Berkeley Square House, office 132, Лондон, Ұлыбритания, W1J 6BD Тел/факс: +44(0)207 9691421. E-mail: info@selftar.co.uk

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттардың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Сэлтфар ЛТД» өкілдігі

Алматы қ., Әл-Фараби даңғ. 5, Нұрлы Тау БО 1А, 301 кеңсе. Тел/факс +7 (727) 311 16 28.

Электронды пошта: info@selftarrep.kz